

БЕКІТІЛГЕН
Академиялық кеңес шешімімен
(29.04.2025 күнгі № 8 хаттама)



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР	3
3	ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	4
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
5	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АУЫСУ ТӘРТІБІ	7
6	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	9
7	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ	10
8	ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ	11
9	1 ҚОСЫМША	12
10	2 ҚОСЫМША	13
11	3 ҚОСЫМША	14
12	4 ҚОСЫМША	15
13	5 ҚОСЫМША	16
14	6 ҚОСЫМША	17
15	7 ҚОСЫМША	18

1. МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. «Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау Ережелері» (бұдан әрі – Ережелер) университетте білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару және қайта қабылдау тәртібі мен рәсімін айқындайды.

1.2. Осы Ережелер төмендегі құжаттар негізінде әзірленген:

1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 № 319-III (өзгерістер мен толықтыруларымен);

2) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, 18.11.2015 № 410-V ҚРЗ (өзгерістер мен толықтыруларымен);

3) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, 20.07.2022 № 2 (өзгерістер мен толықтыруларымен);

4) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, 20.04.2011 № 152 (өзгерістермен және толықтырулармен);

5) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, 30.10.2018 № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен);

6) Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары, 02.05.2017 № 204 (өзгерістермен және толықтырулармен);

7) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары, 31.10. 2018 № 600 (өзгерістермен және толықтырулармен);

8) Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар, 01.04.2019 № 134 (өзгерістермен және толықтырулармен);

9) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы, 13.10. 2018 № 569 (өзгерістермен және толықтырулармен);

10) «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидалары, 23.01.2008 № 58 (өзгерістермен және толықтырулармен);

11) Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары, 24.10.2023 № 544 (өзгерістермен және толықтырулармен);

12) Академиялық адалдық кодексі, 20.01.2021 №7 (өзгерістермен және толықтырулармен);

13) Мүдделер қақтығысын шешу саясаты, 29.06.2023 № 13 (өзгерістермен және толықтырулармен);

14) «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ Жарғысы, 04.06.2020 № 11933-1943;

15) Университеттің академиялық саясаты және басқа да нормативтік құжаттары.

2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

ҚР ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі
Есенов Университеті	– «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті»
ААЖ	– Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
АК	– Аттестаттау комиссиясы
ӘАОО	– Әскери, арнайы оқу орны

БББ	–	Білім беру бағдарламасы
ЖЖОКБҰ	–	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
ЖЖООКБ МЖМБС	–	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ЖОЖ	–	Жеке оқу жоспары
ҚА		Қорытынды аттестация
МК		Міндетті компонент
МОЖ	–	Модульдік оқу жоспары
ОҚТ	–	Оқытудың қосымша түрлері
ТК		Таңдау компоненті
ТО	–	Тіркеу офисі
ҰБТ	–	Ұлттық бірыңғай тестілеу
ECTS	–	Кредиттерді аудару мен жинақтаудың Еуропалық жүйесі
GPA	–	Grade Point Average

3. ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық адалдық – жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау, емтихандардағы жауаптар, зерттеулер, өз ұстанымын білдіру, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен өзара қарым-қатынас жасау, сондай-ақ бағалау кезінде білім алушының оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидаттар жиынтығы;

2) академиялық кезең – семестр және триместр сияқты екі нысанның біреуі белгіленген теориялық оқу кезеңі;

3) академиялық кредит - білім алушының БББ-ның оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

4) академиялық ұтқырлық – білім алушылардың белгілі бір академиялық кезеңге басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген оқу бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде есепке ала отырып өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін қозғалысы;

5) бастапқы қабылдау – бірінші оқу жылына ҰБТ нәтижелері бойынша Есенов университетінің қабылдау комиссиясы жасайтын қабылдау;

6) білім алушылар – қосымша, дайындық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің БББ меңгеруші тұлғалар;

7) докторанттар – докторантурада жоғары оқу орнынан кейінгі БББ меңгеретін университет білім алушылары;

8) Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) – білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;

9) жеке оқу жоспары - БББ мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

10) күндізгі оқу түрі – дәрістер мен семинарларда оқытушымен жеке қарым-қатынасты барынша қамтамасыз ететін оқыту түрі;

11) қабылдау – Есенов университетінің білім алушылары қатарына қабылдау рәсімі;

12) магистранттар – магистратурада жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің БББ меңгеретін университет білім алушылары;

13) оқыту нәтижелері – білім алушылардың БББ меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар;

14) пререквизит - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

15) студенттер – бакалавриаттың жоғары білімнің БББ меңгеретін университеттің білім алушылары;

16) формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып, жүргізілетін білім беру түрі;

17) эдвайзер - білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде БББ игеруіне ықпал ететін оқытушы;

18) элективті пәндер - ЖЖОКБҰ компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖЖОКБҰ-дан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады. Өтініштерді қабылдау жазғы каникул мезгілінде 20-тамызға дейін, қысқы каникул мезгілінде келесі академиялық кезең оқу процесінің басталуына бес күн қалғанға дейін жүргізіледі.

Бұл ретте төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында ҚР азаматтары және қандастар шетелдік ЖЖОКБҰ-дан оқу жылы ішінде, өту емтиханынсыз қайта қабылдана алады.

4.2. Білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан ҚР Президенті жанындағы білім беру ұйымдарынан және ӘАОО-дан басқа кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған кезде осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ таратылған кезінде, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату туралы ЖЖОКБҰ ерікті түрде қайтарған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

Аккредиттеу тоқтатыла тұрған, қайтарып алынған немесе қолданылу мерзімі өткен кезінде, ҚР Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын және ӘАОО-ны қоспағанда, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушысы аккредиттеуді тоқтата тұру, қайтарып алу немесе қолданылу

мерзімінің өтуі туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

4.3. Ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде БББ бойынша контингенттің болуы назарға алынады, БББ-ның бағыты мен бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушылардың академиялық адалдығын бұзу жағдайларын ескереді.

4.4. Білім алушылар ЖОЖ-ға сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса ауыса алады немесе оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылдана алады.

4.5. Білім алушыларды ақылы негізден мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыру «Білім туралы» Заңның 5-3 статьясы 26) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.6. Білім беру гранты бойынша оқитын білім алушы білім беру грантын сақтай отырып, басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыса алады.

Жекелеген ЖЖОКБҰ-лар үшін бекітілген білім беру гранты бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық БББ-на түскен білім алушылар басқа ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде ғана ауысады.

4.7. Есенов университетінен білім алушыларды ұлттық ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру білім алушылар білім беру грантының құнындағы айырмашылықты қосымша төлеу шартымен жүзеге асырылады.

4.8. Жалпы орта білім негізіндегі бакалавриат білім алушыларын ауыстыру және қайта қабылдау кезінде білім алушыда көрсетілген БББ-ға қабылдану жылына белгіленген шекті балы бар ҰБТ тапсырғаны жөніндегі сертификаты, техникалық және кәсіптік білім мен жоғары білім негізінде – КТ тапсырғаны жөнінде не әңгімелесу хаттамасы; магистратураға – КТ тапсырғаны жөніндегі сертификаты болуы қажет.

4.9. «Педагогикалық ғылымдар» және «Құқық» салалары бойынша БББ-ға білім алушыны ауыстыру және қайта қабылдау ҰБТ-дан белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушы шығармашылық дайындықты талап ететін БББ-дан басқа БББ-ға ҰБТ-дан екі бейіндік пән бойынша шекті балы болған жағдайда ауыса немесе қайта қабылдана алады.

Басқа БББ-дан шығармашылық дайындықты талап ететін БББ-ға ауыстыру немесе қайта қабылдау шығармашылық емтиханнан сәтті өткенде жасалады.

4.10. Бір ЖЖОКБҰ (БББ)-дан екіншісіне ауыстыру, қайта қабылдау, сондай-ақ академиялық ұтқырлық аясында оқу кезінде білім алушының осыған дейін қол жеткізілген оқу нәтижелері, оң бағалары академиялық кредиттердің ауыстырылуымен танылады.

4.11. Білім алушылардың формальды және формальды емес оқыту нәтижелерін есепке алу тиісті комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жасалады.

4.12. Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде БББ-ның оқу жоспарлары сәйкес келмеген жағдайда комиссия академиялық кредиттер көлеміне қарай меңгерілуі тиіс пререквизиттерді шығарады.

4.13. Білім алушыны сол БББ-ның сәйкес оқу курсына ауыстыру, қайта қабылдау оқу жоспарларындағы пәндердің айырмашылығы кредиттердегі көлемі бакалавриат үшін 25 кредиттен (ECTS), магистратура үшін 10 кредиттен (ECTS) аспаған жағдайда орындалады.

4.14. Меңгерілген кредиттерді есепке алу БББ, меңгерілген пәндердің мазмұнын, көлемін, алған білім, дағдыларын мен біліктіліктерін, содай-ақ оқу нәтижелерін салыстыру негізінде Формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану комиссиясымен іске асырылады.

4.15. Академиялық айырмашылықты жою мақсатында білім алушы 10 кредиттен аспайтын пәндерге академиялық кезеңде және 20-кредитке дейін жазғы семестрде жазыла алады.

4.16. Ағымдағы оқу жылының жазғы семестрінде жойылмаған академиялық айырмашылық «F» - «қанағаттанарлықсыз» деп танылып, ары қарай академиялық қарыз болып есептеледі.

4.17. Тиісті кафедра меңгерушісі мен эдвайзер академиялық қарызы бар білім алушыларды қадағалайды, пререквизиттік қағидасын сақтау мақсатында оларды теориялық оқудың келесі кезеңдерінде жою мүмкіндіктерін мезгілінде хабарлап отырады.

4.18. Магистранттар мен докторанттар қабылдау кезінде тағайындалған пререквизиттерді бірінші семестр барысында меңгеруі керек. Бұл кезеңде оларға шетелдік іссапарларға шығуға рұқсат етілмейді.

4.19. Ақылы негізде жасалатын ауысу және қайта қабылдаулар кезінде оқу ақысын төлеу университетте ағымдағы оқу жылына бекітілген кредиттердің құнымен жасалады. Оқу жоспарындағы пәндердің академиялық айырмашылығын жою ақылы негізде жүргізіледі.

4.20. Өтініш пен тапсырылған құжаттардың негізінде ауысу немесе қайта қабылдау мәселесі оң шешілген соң, білім алушы оқу ақысының 10-30%-ы және оқу жоспарларындағы пән айырмашылығын төлейді, келісім-шарт рәсімдейді.

4.21. ТО-ға тапсырылатын құжаттардың барлығының PDF форматтағы электронды көшірмелері болуы тиіс.

5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АУЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Білім алушыларды ауыстыру:

1) басқа ЖЖОКБҰ-дан Есенов университетіне;
2) Есенов Университетінен басқа ЖЖОКБҰ-ға;
3) университет ішінде: бір БББ-дан екіншісіне, бір тілден екінші оқу тіліне, ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға, келесі оқу жылына.

5.2. Білім алушыны бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру екі ұйым басшыларының келісімімен жүргізіледі, тиісті бұйрықтармен рәсімделеді.

5.3. Білім алушыларды ауыстыру бір БББ-дан екіншісіне тек қана ақылы негізде жүргізіледі.

5.4. Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын білім алушылар грантын сақтай отырып, тек білім беру тобының ішіндегі БББ-ға ауыса алады.

5.5. Ағымдағы академиялық кезеңнің оқу жоспары талаптарын толық орындап, талап етілетін кредиттер көлемін меңгерген білім алушылар келесі оқу жылына академиялық қарызсыз көшіріледі.

5.6. Жазғы семестрден кейін академиялық қарызы бар (2-3 курс 16 кредиттен, бітіруші курс – 5 кредиттен артық емес) білім алушылар академиялық қарызбен көшіріледі және оны ақылы негізде жояды. Бұл ретте, мемлекеттік білім беру грантымен оқитын тұлғалар грантын сақтайды.

5.7. Академиялық қарызын (5.6-тармақтағы көлемнен артық) күнтізбелік жылдың 25-тамызына дейін жоймаған білім алушылар ақылы негізде қайта оқуға қалдырылып, БББ-ның бір жыл төмен оқу жоспарына ауыстырылады.

5.8. Білім алушы қайта оқуға тек қана өз БББ-ға жазылады. Қайта оқудың ЖОЖ-ға жаңа оқу жоспарының меңгерілмеген пәндері міндетті түрде енгізіледі. Білім алушының бұрынғы оқу нәтижелеріндегі академиялық қарыз пәндерінен пәндерінен ағымдағы оқу жылының оқу жоспарына сәйкес келетіндері ғана ақылы негізде қайта оқылады.

5.9. Басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысу.

5.9.1. Білім алушының басқа білім беру ұйымынан ауыстырылуы келесідей тәртіппен жасалады:

1) ауысып келгісі келетін білім алушы ТО-да өз ЖЖОКБҰ басшысының атына ауыстыру туралы өтініш береді (1 және 2-қосымшалар);

2) ауысу туралы өтінішке қол қойылып, мөр басылған соң оған транскрипт, ҰБТ (бакалавриат) немесе КТ (магистратура мен докторантура) сертификаттарының, білім беру гранты иегері куәлігінің (болған жағдайда), алдыңғы білімі туралы құжаттың, оқуға қабылдау, келесі оқу жылына көшіру туралы бұйрықтардың көшірмелерін тіркейді;

3) ТО-да университет басшысының атына, 2)-тармақта тізбектелген құжаттарды тіркеп, ауысу арқылы қабылдауға өтініш береді;

4) ТО ұсынылғын құжаттар пакетін тиісті факультет вице-деканы арқылы университет комиссияның қарауына жібереді;

5) комиссия есепке алынатын пәндерді шығарады, сәйкес оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын және сәйкесінше оқу кезеңін анықтайды, хаттамалық шешім шығарады. Теріс шешім қабылданған жағдайда комиссия бас тарту себебін жазбаша негіздейді;

6) қабылданған оң шешім негізінде білім алушы қызметтер ақысын төлейді, келісім-шарт рәсімдейді, ауысу туралы бұйрық шығарылады;

7) білім алушыны университетке қабылдау жасалған соң, ТО білім алушының бұрын оқыған ЖЖОКБҰ-ға жеке іс-қағаздағы құжаттардың түпнұсқалары беру туралы жазбаша сұраныс жібереді, ол ұйымда ауысуына байланысты оқудан шығару туралы бұйрық жасалады.

5.10. Басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысу.

5.10.1. Білім алушының басқа ұйымға ауысуы келесідей тәртіппен жасалады:

1) басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысқысы келетін білім алушы ТО-да университет басшысының атына ауысып кету туралы жеке өтініш береді;

2) өтініш келісілу үшін тиісті факультет деканатына және бухгалтерияға, содан кейін бұрыштама үшін басшыға жіберіледі;

3) қол қойылып, мөр басылған өтінішке ТО транскрипт, ҰБТ (бакалавриат) немесе КТ (магистратура мен докторантура) сертификаттарының, білім беру гранты иегері куәлігінің (болған жағдайда), алдыңғы білімі туралы құжаттың, оқуға қабылдау, келесі оқу жылына көшіру туралы бұйрықтардың көшірмелерін тіркеп, білім алушыға береді;

4) таңдалған ЖЖОКБҰ-да ауысу арқылы қабылдау жасалғанда сол бұйрықтың көшірмесі тіркеліп, жеке іс-қағаздағы құжаттардың түпнұсқалары беру туралы жазбаша сұраныс жіберіледі;

5) келіп түскен құжаттар негізінде ТО ауысуына байланысты білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрық шығарады.

5.11. Университет ішінде ауысу.

5.11.1. Бір БББ-дан екіншісіне ауысу үшін білім алушы:

1) университет президент-ректорының атына ТО-да жеке өтініш жазады;

2) ТО өтінішке транскрипт тіркеп тиісті факультет вице-деканы арқылы университет комиссияның қарауына жібереді;

3) комиссия есепке алынатын пәндерді шығарады, сәйкес оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын және сәйкесінше оқу кезеңін анықтайды, хаттамалық шешім шығарады. Теріс шешім қабылданған жағдайда комиссия бас тарту себебін жазбаша негіздейді;

4) шыққан өтініш комиссия қорытындысымен бірге келісілу үшін тиісті факультет деканатына, содан кейін бұрыштама үшін басшыға жіберіледі;

5) қабылданған оң шешім негізінде білім алушы қызметтер ақысын төлейді, келісім-шарт рәсімдейді, ТО-да ауысу туралы бұйрық шығарылады.

5.11.2. Оқу тілін ауыстыруы үшін білім алушы:

1) Жазғы каникул мезгілінде өзінің БББ-ға сәйкес кафедраға өтініш береді;

2) кафедра меңгерушісінің негіздемесі көрсетіліп келісілген өтініш негізінде тиісті деканат өкім шығарады;

3) өкім білім алушының өтінішімен бірге ТО-ға тапсырылады;

4) ТО жүйеде білім алушының картотекасына өзгеріс енгізеді.

5.11.3. Ақылы оқу түрінен мемлекеттік грант бойынша оқуға ауысу:

- 1) БББ тобы бойынша босаған білім беру гранттары туралы ақпарат университет сайтында орналастырылып және ай сайын жаңартылып отырады;
- 2) босаған білім беру гранттарына үміткерлерді ұсыну конкурстық негізде, жылына екі рет, қысқы (25-қаңтарға дейін) және көктемгі (5-тамызға дейін) емтихан сессияларының қорытындысымен жүргізіледі;
- 3) өзі оқитын БББ топтары бойынша бос грант болған жағдайда ақылы негізде білім алып жатқан білім алушы президент-ректор атына өзінің GPA балын ашық қолжетімді болатындай жариялауға келісімін көрсете отырып, одан әрі білім беру гранты бойынша оқуға өтініш береді;
- 4) барлық үміткерлердің өтініштері алдымен тиісті факультеттер отырыстарында қарастырылады;
- 5) ұсыну шешімі хаттама түрінде ресімделеді, қабылданған үміткерге қатысты теріс шешім болғанда негіздеме келтіріледі;
- 6) өтініш, осы құжаттармен бірге, бұрыштама үшін басшыға жіберіледі;
- 7) содан кейін үміткерлер құжаттары ғылыми кеңес отырысында қаралып, республикалық комиссияға шешім қабылдау үшін жолданады;
- 8) ҒЖБ саласындағы уәкілетті орган құжаттарды БББ топтары, оқуға түскен жылын ескере отырып, оқу нысаны мен мерзімі бөлінісінде қарайды және шешімі оң болған жағдайда босаған білім беру грантын беру туралы бұйрық түсіріледі;
- 9) аталған бұйрық негізінде ТО білім алушыны босаған білім беру грантымен оқуға ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

6. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

6.1. Білім алушыларды оқуға қайта қабылдау тек ақылы негізде ғана төмендегілер үшін жүзеге асырылады:

- 1) оқу ақысын төлемеуіне байланысты шығарылған;
- 2) бұрын Есенов университетінен шығарылған;
- 3) басқа республикалық және шетелдік ЖЖОКБҰ-дан шығарылған;
- 4) қорытынды аттестаттаудан өтпеген.

6.2. Оқу ақысын төлемегені үшін ағымдағы академиялық кезеңде оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы төлем жасаған жағдайда, оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап төрт апта мерзім ішінде қайта қабылданады.

6.3. Бұрын Есенов университетінен немесе ҚР-ның басқа және шетелдік ЖЖОКБҰ-дан шығарылғандарды қайта қабылдау келесі тәртіппен жасалады:

- 1) білім алушы ТО-да президент-ректор атына қайта қабылдау туралы жеке өтініш жазады;
- 2) өтінішке жеке басын куәландыратын құжат, транскрипт немесе академиялық анықтама, ҰБТ/КТ сертификаты немесе түсу сынақтарын тапсыру нәтижелері, алдыңғы білім туралы құжаты мен оны тану туралы (шетелде алынған болса) куәліктердің түпнұсқасы мен көшірмесін, оқуға қабылданғаны, келесі оқу курсына көшірілгені және оқудан шығарылғаны жөніндегі бұйрықтар үзіндісін, ұйым лицензиясының көшірмесін, медициналық анықтама тіркейді;
- 3) ТО құжаттарды тиісті факультет вице-деканы арқылы университет комиссияның қарауына жібереді;
- 4) комиссия есепке алынатын пәндерді шығарады, сәйкес оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын және сәйкесінше оқу кезеңін анықтайды, хаттамалық шешім шығарады. Теріс шешім қабылданған жағдайда комиссия бас тарту себебін жазбаша негіздейді;

5) шыққан өтініш комиссия қорытындысымен бірге келісілу үшін тиісті факультет деканатына, содан кейін бұрыштама үшін басшыға жіберіледі;

6) қабылданған оң шешім негізінде білім алушы қызметтер ақысын төлейді, келісім-шарт рәсімдейді, ТО-да қайта қабылдау туралы бұйрық шығарылады;

7) бес жұмыс күні ішінде (қажет болған жағдайда) білім алушы бұрын оқыған ұйымға (шетелдіктерден басқа) шыққан бұйрықты тіркеп, оның жеке іс-қағазын жіберу туралы сұраныс-хат жібереді.

6.4. Қорытынды аттестаттауға қайта қабылдау.

6.4.1. Бакалавриат немесе магистратураның білім алушысы «БББ-ның талаптарын орындамаған: диплом жұмысын (жобасын) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғай алмаған немесе кешенді емтиханды тапсыра алмаған» тұлға ретінде оқудан шығарылған жағдайда, оқудан шығарылған мерзімнен бастап үш жылдан аспайтын мерзімде қорытынды аттестаттаудан қайта өтуге қайта қабылданады.

6.4.2. 01.01.2019 күнге дейін оқуға қабылданған тұлғалар ҚР «Білім беру заңы» 67-1 бабына сәйкес, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің БББ бойынша берілген, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия және (немесе) лицензияға қосымшалар қызметтің кіші түрі атауының өзгеруіне байланысты және бакалавриат-магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың барлық оқу кезеңінде кемінде 240/120 (90/60) академиялық кредитті игеруі болып табылатынын ескере отырып, тану комиссиясының оқу нәтижелерін есепке алуымен, ҚА-ға бөлінген академиялық кредиттер айырмашылықтарымен қайта қабылданады.

6.4.3. Қайта қабылдау үшін тұлға қысқы немесе жазғы каникул мезгілінде өтініш жазады.

6.5. Уақытында қорғауға шықпаған докторантты докторлық диссертация қорғау үшін қайта қабылдау.

6.5.1. Докторантураның БББ теориялық оқу курсы толтырылған, докторлық ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысын (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертация қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және оқу мерзімі аяқталғаннан кейінгі екі жыл ішінде тегін қорғауға, ал келесі жылдары төрт академиялық кредиттен кем емес көлемде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

6.5.2. Докторант, оқу мерзімі аяқталғаннан кейін үш жыл мерзім өткенде, диссертациялық зерттеулердің ғылыми негіздемесін қайта бекіткеннен кейін (research proposal (ресорч пропозал)) ғана қорғай алады.

6.5.3. Жұмысы диссертация бойынша қорытынды қорғауға ұсынылған докторантура түлегі анықталған қорғау күнінен бір ай мерзімнен кешіктірмей университет президент-ректорының атына қайта қабылдауға өтініш береді.

6.5.4. Докторантураның БББ теориялық оқу курсы толтырылған, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантура түлегіне ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі:

1) ол үшін оқудан шығарылған докторант қысқы және жазғы қаникул кезінде қайта қабылдауға өтініш береді;

2) қайта қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін меңгеруге тиісті академиялық кредиттерін орындайды;

3) ғылыми-зерттеу компонент кредиттерін қайта меңгерту тәртібін тиісті кафедра анықтайды.

7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

7.1. Оқудан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) академиялық үлгермеушілігі үшін;

- 2) академиялық адалдық қағидаларын екі немесе одан артық рет бұзғаны үшін;
 - 3) Есенов университеті ішкі тәртіп Ережелерін және Жарғысын бұзғаны үшін;
 - 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін;
 - 5) академиялық демалыстан мерзімінде оралмау (бір айдан артық);
 - 6) ҰБТ-да белгіленген шекті балды қайта жинамаған;
 - 7) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
 - 8) алдыңғы білім туралы құжатты тану туралы куәлікті белгіленген мерзім өткеннен кейін тапсырмағанда (шетелде білім алғандар);
 - 9) өз еркімен;
 - 10) қайтыс болуына немесе тиісті органдардың хабар-ошарсыз кеткен деп тану не қайтыс болуы жарияланған шешіміне байланысты;
 - 11) бас бостандығынан айырылу немесе жазаның оқуды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін басқа түрі, сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап;
 - 12) ҚР қолданыстағы заңнамаларында көзделген өзге де негіздер бойынша.
- 7.2. Білім алушыларды оқудан шығару факультет деканының ұсынуы, білім алушының жеке өтініші немесе тиісті органдардың ресми құжаттары негізінде ТО-ның оқудан шығару туралы бұйрығымен жүзеге асырылады.

7.3. Білім алушы науқастану, каникул және академиялық демалыс кезінде оқудан шығарылмайды.

7.4. Оқудан шығарылған білім алушыға өту парағын тапсырғаннан кейін жеке іс-қағазындағы білімі туралы құжаттың түпнұсқасы мен транскрипт беріледі.

8. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

8.1. Осы Ереже Есенов университетінің академиялық кеңесінің шешімімен күшіне енеді және күшін жойғанға дейін қолданылады.

**Есенов университетінің президенті
Б.Б. Ахметовке**

_____ (БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде
(грант, ақылы)

_____ оқитын _____ жыл білім алушысы
(күндіз) (санмен)

_____ (өтініш берушінің толық аты-жөні)

_____ (телефон нөмірі)

ӨТІНІШ

Сізден _____
(ЖЖОКБҰ толық атауы)

_____ ауысу арқылы _____
БББ бойынша _____ негізінде
(БББ шифры мен толық атауы) (грант, ақылы)

_____ оқитын _____ жыл білім алушылар қатарына қабылдауыңызды сұраймын.
(оқу түрі: күндіз) (санмен)

Оқу тілі _____.
(қазақша, орысша, ағылшынша)

Өтінішке қоса тіркелген:

- 1) ЖЖОКБҰ ректоры атына өтініш _____;
(білім алушы оқыған ЖЖОКБҰ атауы)
- 2) транскрипт көшірмесі;
- 3) ұлттық бірыңғай тест (кешенді тест) сертификаты;
- 4) мемлекеттік білім беру гранты куәлігі (бар болса).

_____ (қолы, күні)

Келісілу:

- 1) _____ БББ бойынша _____ жыл білім алушылар қатарына қабылдансын.
- 2) Оқуға _____ академиялық кезеңнен бастап кіріссін.
- 3) Оқу жоспарлары бойынша пән айырмашылықтары:

**Есенов университетінің президенті
Б.Б. Ахметовке**

(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде
(грант, ақылы)

_____ оқитын _____ жыл білім алушысы
(күндіз) (санмен)

(өтініш берушінің толық аты-жөні)

(телефон нөмірі)

Пән айырмашылықтарын жою мерзімі:

«_____» _____ 20 _____ күнге дейін

Факультет деканы _____
(қолы) (аты-жөні)

«_____» _____ 20 _____ ж.

ӨТІНІШ

Сізден _____
(ЖЖОКБҰ толық атауы)

_____ негізінде оқуға ауысып
(грант, ақылы)

кетуге рұқсат етуіңізді және төмендегі құжаттар көшірмелерін беруді сұраймын:

- 1) транскрипт көшірмесі;
- 2) ұлттық бірыңғай тест (кешенді тест) сертификаты;
- 3) мемлекеттік білім беру гранты куәлігі (бар болса).

(қолы, күні)

Келісілу:

Факультет деканы _____
(қолы) (аты-жөні)

«_____» _____ 20 _____ ж.

Бухгалтерия (оқу ақысы төлемі бойынша ақпарат):

**Есенов университетінің президенті
Б.Б. Ахметовке**

_____ (БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде
(грант, ақылы)

_____ оқитын _____ жыл білім алушысы
(күндіз) (санмен)

_____ (өтініш берушінің толық аты-жөні)

_____ (телефон нөмірі)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

_____ (қолы)

_____ (аты-жөні)

ӨТІНІШ

Сізден _____ негізінде _____ оқитын _____ жыл білім алушысы
(грант, ақылы) (оқу түрі: күндіз) (санмен)

_____ БББ-дан
(БББ шифры мен толық атауы)

_____ БББ бойынша
(БББ шифры мен толық атауы)

ауысып оқуға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Оқу

тілі

Есенов университетінің президенті
Б.Б. Ахметовке

(қазақша, орысша, ағылшынша)

(өтініш берушінің толық аты-жөні)

(телефон нөмірі)

(қолы, күні)

Келісілу:

- 1) _____ БББ
бойынша ____ жыл білім алушылар қатарына ауыстырылсын.
- 2) Оқу жоспарлары бойынша пән айырмашылықтары:

Пән айырмашылықтарын жою мерзімі:

« _____ » _____ 20 _____ күнге дейін

Факультет деканы _____

(қолы)

(аты-жөні)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Бухгалтер _____

(қолы)

(аты-жөні)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

ӨТІНІШ

Сізден _____

(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде _____ оқитын білім алушылар
(ақылы) (оқу түрі: күндіз)

қатарына оқуға қайта қабылдауыңызды сұраймын.

Осыған дейін _____ жылы _____

(оқыған БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____

(оқыған ЖЖОКБҮ толық атауы)

_____ оқып, _____ курс білім алушылар қатарынан
(санмен)

оқудан шығарылғанмын.

Оқу тілі _____

(қазақша, орысша, ағылшынша)

Өтінішке қоса тіркелген:
1) Оқуын аяқтамаған тұлғаларға
берілетін транскрипт (басқа ЖЖОКБҰ-
дан болған жағдайда)

Есенов университетінің президенті
Б.Б. Ахметовке

(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде
(грант, ақылы)

_____ оқитын _____ жыл білім алушысы
(күндіз) (санмен)

(өтініш берушінің толық аты-жөні)

(телефон нөмірі)

(қолы, күні)

Келісілу:

1) _____ БББ
бойынша _____ жыл білім алушылар қатарына қайта
қабылдансын.

2) Оқу жоспарлары бойынша пән айырмашылықтары:

Пән айырмашылықтарын жою мерзімі:

Пән айырмашылықтарын жою мерзімі:

« _____ » _____ 20 _____ күнге дейін

Факультет деканы _____
(қолы) (аты-жөні)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Бухгалтер

_____ (қолы) _____ (аты-жөні)

« _____ » _____ 20 _____ ж.

ӨТІНІШ

Есенов университетінің президенті

Б.Б. Ахметовке

(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде оқыған

(грант, ақылы)

(өтініш берушінің толық аты-жөні)

(телефон нөмірі)

Сізден _____

(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде _____ оқитын _____ жыл білім алушылар

(грант, ақылы)

(оқу түрі: күндіз)

(санмен)

қатарына оқуға қайта қабылдауыңызды сұраймын.

Осыған дейін «_____» _____ 20____ күні Келісім-шарттың оқу ақысын төлеу бойынша талаптарының орындамағаны үшін оқудан шығарылғанмын.

Оқу тілі _____.

(қазақша, орысша, ағылшынша)

Өтінішке қоса тіркелген:

1) Оқу ақысына төлем жасалғаны туралы түбіртек көшірмесі.

(қолы, күні)

Келісілу:

1) _____ БББ

бойынша _____ жыл білім алушылар қатарына қайта қабылдансын.

2) Оқуға «_____» _____ 20____ күні бастап кіріссін:

Факультет деканы _____

(қолы)

(аты-жөні)

«_____» _____ 20____ ж.

Бухгалтер

(қолы)

(аты-жөні)

«_____» _____ 20____ ж.

ӨТІНІШ

Сізден _____

(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде қорытынды аттестаттаудан өтуге қайта қабылдауыңызды

(ақылы)

сұраймын.

Осыған дейін _____ жылы

**Есенов университетінің президенті
Б.Б. Ахметовке**

(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде

(грант, ақылы)

_____ оқитын _____ жыл білім алушысы

(күндіз)

(санмен)

(өтініш берушінің толық аты-жөні)

(телефон нөмірі)

(оқыған БББ шифры мен толық атауы)

байланысты

(оқудан шығарылу себебі)

оқудан шығарылғанмын.

Оқу тілі _____.

(қазақша, орысша, ағылшынша)

(қолы, күні)

Келісілу:

Қарсы емеспін/қарсымын:

Факультет деканы _____

(қолы)

(аты-жөні)

«_____» _____ 20_____ ж.

Бухгалтерия (оқу ақысы төлемі бойынша ақпарат):

Бухгалтер:

(қолы)

(аты-жөні)

«_____» _____ 20_____ ж.

ӨТІНІШ

Сізден, «_____» _____ 20____ - «_____» _____ 20____ аралығында берілген _____
_____ академиялық демалыстың аяқталуына
(академиялық демалыс алу себебі)

байланысты _____
(БББ шифры мен толық атауы)

БББ бойынша _____ негізінде _____ оқитын _____ жыл білім алушылар
(грант, ақылы) (оқу түрі: күндіз) (санмен)

қатарына оқуға қайта қабылдауыңызды сұраймын.

Оқу тілі _____.
(қазақша, орысша, ағылшынша)

(қолы, күні)

Келісілу:

1) _____ БББ
бойынша _____ жыл білім алушылар қатарына қайта
қабылдансын.

2) Оқуға «_____» _____ 20____ күні бастап кіріссін:
Факультет деканы _____
(қолы) (аты-жөні)

«_____» _____ 20____ ж.

Бухгалтер

(қолы)

(аты-жөні)

«_____» _____ 20____ ж.